

1-жаттығу. Синтаксистік норманы сақтай отырып, мәтінді редакцияландар. Сөй лемдердің орындарын ауыстырып жазыңдар.

Сондықтан құтқарушылар «ел қауіпсіздігі жолында тәуекелге бел буа еңбек ету – кәсіби әрі адамдық парызымыз» деп санайды. Қалалық төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері: – Тамыр соғысын тексеріп едім, соғып тұр екен. Содан тез далаға алып шықтым. Өкпесін сүзгілеп, түтінді шығар дым. Осы әрекеттерді 7–8 минуттай жасадым. Бір уақытта әлгі адамның тыныс алуы қалпына келді. Кәсіби өрт сөндірушілер мен құтқарушылар үшін жинақылық пен ширақтық – аса қажет мінездер. Оқыс оқиға кезінде адам өмірін сақтау үшін әрбір секунд санаулы, әр минут қымбат. (24.kz)

2-жаттығу. Дендерің сау болу үшін күнделікті спортпен шұғылдану міндетті ме? Жұптасып, сұхбат құрыңдар.

3-жаттығу. Жағдаяттық тапсырманы орындаңдар. «Тақырыптық теннис» ойынына екі ойыншы, төреші, тілші қатысады. Екі ойыншы денсаулық туралы мақал-мәтелдерді жатқа айтады және мазмұнын түсіндірді, төреші жазып отырады және есеп жүргізеді. Тілші ойынның өтуі туралы хабарлап отырады.

4-жаттығу. «Өз өміріңді сақтау – өзіңе деген жауапкершілік» тақырыбында дискуссивті эссе жазыңдар.

5-жаттығу. Мәтіндегі тыныс белгілерін емлеге сай қойып шығыңдар. Өмірден қымбат ешнәрсе жоқ өйткені өмірде бәрі бар қазіргі заманда өмір ең қымбат байлық болып есептеледі адамның ең негізгі мақсаты өмірді сақтап қалу адам осы өмірде жоспар құрады сол жоспарларды іске асыру үшін жұмыс жасайды және көптеген нәрселерді үйренеді. Көбіне өз өмірін және өз жақындарының өмірін сақтап қалу үшін қарапайым ережелерді білу маңызды мысалы алғашқы медициналық көмек төтенше жағдайлар кезінде қауіпсіздік негіздерін әркім білу керек сіздің жасаған көмегіңіз бір адамның өмірін сақтап қалуына мүмкіндік жа сайды сол себепті бұны білу және оны дұрыс қолдану біздің міндетіміз.